

"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2023 жылғы 30 қарашадағы
отырыстың № 58 хаттамасы)

М а қ ұ л д а н д ы

"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылғы 12 желтоқсандағы
отырыстың № 44 хаттамасы)

Б е к і т і л д і

Данная электронная копия является копией утвержденного документа. Документ вводится в действие с первого рабочего дня, следующего за днем подписания акта о технической реализации процедуры заключения договоров смешанного страхования жизни в информационных системах Общества, его агентов и партнеров. В распечатанном виде данный документ используется для информации. Для заверения копии документа необходимо обратиться в УРПиБП

**«Халық-Қазына» өмірді аралас сақтандыру
ережелеріне 1 өзгертулер**

«Халық-Life» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (ІНҚ-СЕ-26, 4-басылым) (отырыстың 2023 жылғы 15 наурыздағы № 09 хаттамасы) «Халық-Қазына» өмірді аралас сақтандыру ережелеріне төмендегідей өзгертулер енгізілсін:

1. Ереженің 16-тарауының 58-тармағы өзгертілсін және мына редакцияда жазылсын:
«58. Өтеу сомасы сақтанушыға (пайда алушыға) шартты тоқтатудың себептері, сақтанушының ЖСН (егер сақтанушы заңды тұлға болса – БСН) және банктік деректемелері, полис немесе оның телнұсқасы, сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі көрсетілген өтініш сақтандырушыға берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде төленуге жатады.»
2. Ереженің 19-тарауының 75-тармағының 3) тармақшасы өзгертілсін және мына редакцияда жазылсын:
«3) Пайда алушының банктік деректемелері көрсетілген өтініш: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты».
3. Ереженің 19-тарауының 77-тармағының 3) тармақшасы өзгертілсін және мына редакцияда жазылсын:
«3) Пайда алушының банктік деректемелері көрсетілген өтініш: алушы банкінің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карточкалық шоты».
4. Ереженің 22-тарауының 96-тармағына өзгертілсін және мына редакцияда жазылсын:
«96. Сақтандыру сомасын, өтеу сомасын, сақтандыру төлемін және сақтандыру шарты (полис) бойынша сақтандыру сыйлықақысын тараптар теңгемен белгілейді және «USD/KZT TOD» бағамына сәйкес АҚШ долларындағы сома баламалары оларды қайта есептеудің мынадай талаптарымен белгіленеді:
 - 1) сақтандыру сыйлықақысы төлем (операция) жасалған күні белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша теңгемен төленеді;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру төлемін жүргізуге өтініш берген күнге белгіленген жоғарыда аталған бағам бойынша теңгемен төленеді;
 - 3) өтеу сомаларын төлеу шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш немесе өтеу сомасын төлеу туралы өтініш берілген күні белгіленген жоғарыда көрсетілген бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады.»